



С.Б. ЗАҒАТОВА
А.У. ИЛЬСОВА
А.К. ИЛҒЯСОВА

**«ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛ» БІЛІМ
БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА АРНАЛҒАН
ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУДЫҢ**



НҰР-СҰЛТАН

УДК 37.022: 809.1

ББК 81.2 - 923

314

Еуразия гуманитарлық институты Ғылыми-әдістемелік кеңесінде баспаға ұсынылған (25.06.2021, №6 хаттама).

Пікір жазғандар:

Тусупбекова М.Ж. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Кокнишева Н.М. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент

314 ЗАГАТОВА С.Б., ИЛЬЯСОВА А.У., ИЛЬЯСОВА А.К.
«ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ» БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНА АРНАЛҒАН ДИПЛОМ
ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК
НҰСҚАУЛАРЫ. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 35 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулар «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының бітіруші курс студенттеріне арналған. Диплом жұмысын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар студенттерге де және ғылыми жетекшілер мен пікір жазушыларға да арналған нұсқаулық болып табылады.

© ЕАГИ, 2021

© Загатова С.Б., Ильясова А.У.,
Ильясова А.К., 2021

КІРІСПЕ

Диплом жұмысы бакалавриатты оқытудың соңғы сатысында орындалатын жазбаша қорытынды жұмыс болып табылады.

Кез-келген ғылыми зерттеу – шығармашылық ойдан бастап ғылыми жұмыстың соңғы ресімделуіне дейін – жеке орындалатын жұмыс. Дегенмен, оны іске асыру үшін ортақ әдіснамалық тәсілдерді анықтауға болады.

Ғылыми зерттеу – ұғымдар, заңдылықтар және теориялар жүйесі түрінде нәтиже көрсететін мақсатты таным.

Ғылыми-теориялық зерттеудің мақсаты және тікелей міндеттері бірқатар жеке құбылыстар қатарынан ортағын табу, осындай құбылыстар туындайтын, қызмет ететін, дамиды заңдылықтарды ашу, яғни олардың мәнін терең түсіну.

Шынайы ғылыми болып әдіснамалық аппараттың барлық құрамды элементтері іске асырылатын зерттеу ғана саналады.

Әдіснамалық аппаратқа мыналар жатады:

1. Зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары.
2. Оның стратегияларын анықтау тәсілдері (мәселе қою мен оның құрамын анықтау амалдары және т.б.).
3. Әдіснамалық талдаудың тактикалық құралдары (ғылыми зерттеу әдістері, аппаратурасы).
4. Ғылыми зерттеудің ұғымдық-санаттық негізін (мәселені, нысанды, мәнді, гипотезаны, мақсаты мен міндеттерін және т.б. анықтау).
5. Зерттеу нәтижелеріне қойылатын талаптар (өзектілігі, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы және т.б.).

Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша дипломдық жұмысты қорғау қорытындылық аттестацияның бір түрі болып саналады.

Дипломдық жұмысты қорғау студенттердің ЖООда алған білімінің, шеберлігінің, дағдысы мен құзыреттілігінің сәйкестік деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Қазіргі уақытта 6В01704 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен дипломдық жұмысты жазу және қорғау қарастырылған. Студенттерге оқылатын тіл теориясының жалпы немесе жеке мәселелерінің бірі, сонымен қатар шетел тілін оқытудың заманауи әдістерінің мәселелері бойынша дипломдық жұмыс жазу ұсынылады.

1. ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Диплом жұмысы кәсіби дайындықтың негізгі бағдарламасы бойынша оқуды аяқтап жатқан түлектердің аттестаттау сынақтарының бірі болып табылады.

Диплом жұмысы ғылыми жетекшінің жетекшілігімен орындалады және келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- ◆ мақсатты бағдар;
- ◆ құрылымның нақтылығы;
- ◆ материалды ұсынудың логикалық реттілігі, зерттеудің тереңдігі және мәселелерді қамтудың толықтығы;
- ◆ деректердің дәлдігі;
- ◆ қысқаша және нақты пайымдаулар;
- ◆ нақты мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелердің және дәлелденген қорытындылардың болуы;
- ◆ жұмыстың сауатты ресімделуі.

Диплом жұмысын орындаудың мақсаттары:

- ◆ мамандық бойынша алған теориялық білімді және практикалық дағдыларды жүйелеу, дамыту және бекіту;
- ◆ ғылыми-сыни ойлау дағдысын қалыптастыру;
- ◆ ғылыми зерттеу әдісін меңгеру және өз бетінше жұмыс жүргізе алу мен мәселелерді шешу кезіндегі эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту;
- ◆ ғылыми жазба жұмысының мәдениетін жоғарылату;
- ◆ болашақ мамандардың ғылыми зерттеу жұмысына қызығушылығын арттыру;
- ◆ студенттердің қазіргі ғылым мен мәдениет жағдайында өзіндік жұмысқа дайындығын, сонымен қатар оның кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

Диплом жұмысын жазу барысында жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

- ◆ зерттеу тақырыбын таңдау;
- ◆ таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиетті зерттеу;
- ◆ таңдалған тақырып бойынша әдебиеттермен танысу барысында қамтылған білімді талдау және жүйелеу;
- ◆ тақырып бойынша практикалық материалды іріктеу және талдау;
- ◆ жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеу бойынша ғылыми болжам жасау;
- ◆ зерттеу нәтижелерін түйіндеу.

Диплом жұмысын дайындауда ғылыми жетекшілік жүргізу

Ректордың бұйрығымен, кафедралардың ұсынуы бойынша, диплом жұмыстарының ғылыми жетекшілері тағайындалады. Диплом жұмыстарының ғылыми жетекшілері болып профессорлар, доценттер, ЖОО-ның ең тәжірибелі оқытушылары тағайындалады.

Диплом жұмысының ғылыми жетекшісінің ұсынысы бойынша, қажет болған жағдайда, диплом жұмысының кейбір бөлімдері бойынша кеңесшілерді кафедра ғылыми жұмысқа берілген уақыт аясында шақыра алады.

Диплом жұмысының ғылыми жетекшісі:

- 1) диплом жұмысын орындау үшін тапсырма береді;
- 2) студентке диплом жұмысын орындаудың барлық мерзіміне күнтізбелік жұмыс кестесін құрастыруға көмектеседі (**Қосымша 1**);
- 3) студентке қажетті әдебиетті, анықтамалық материалды және тақырыпқа сәйкес басқа да дереккөздерді ұсынады;
- 4) диплом жұмысын жазудың күнтізбелік жоспары орындалуының ағымдағы бақылауын іске асыру мақсатында консультация кестесін құрастырады;

5) диплом жұмысының барлық тарауларының көлемін белгілейді және дипломшының жұмысын үйлестіреді.

Әр диплом жұмысына ғылыми жетекші студенттің келісуімен белгіленген үлгі бойынша дипломдық тапсырма құрастырады (**Қосымша 2**).

Кафедра меңгерушісі студенттің диплом жұмысын орындауы бойынша мезгілді есеп беру уақытын белгілейді. Осы мерзімде студент ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісіне есеп береді, олар диплом жұмысы дайындығының деңгейін белгілейді.

Студент диплом жұмысын жазу күнтізбелік кестесінің орындалуын белгіленген мерзімге сәйкес, диплом жұмысының орындалған бөлімдерін ғылыми жетекшіге көрсете отырып, қатаң орындауы тиіс және жасалған ескертулер мен ұсыныстарға сәйкес уақытында түзетулер енгізіп отыруы тиіс.

2. ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Диплом жұмысын орындаудың кезеңдері:

- ◆ бағдарларға сәйкес диплом тақырыптарын таңдау және кафедра кеңесінде бекіту;
- ◆ зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс жоспарын құру;
- ◆ зерттеу жүргізу әдістерін анықтау;
- ◆ зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді қарастыру және оларды талдау;
- ◆ ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу, зерттеу нәтижелерін тұжырымдау.

2.1 Диплом тақырыптарын таңдау және тиісті бағдарларға сәйкес кафедрада бекіту

Диплом жұмысын жазудың бұл кезеңі студенттің қызығушылығынан туындайтын диплом жобасының зерттеу саласын және соған сәйкес диплом тақырыбын таңдауды пайымдайды. Диплом жұмысының тақырыбы өзекті және заманауи лингвистикалық бағдарлар мен мектептерге, сонымен қатар, шетел тіліне оқытудың заманауи әдістемесіне сәйкес болуы қажет. Диплом жұмысының тақырыбын бекіту жөніндегі шешім ғылыми жетекшінің зерттелетін тақырыбын кафедра мүшелерімен талқылап, мақсаты мен міндеттерін ұсынғаннан кейін шығарушы кафедрада қарастырылады.

Диплом жұмысының тақырыптары шығарушы кафедрада әзірленеді және жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінде қарастырылып, бекітіледі. Ол студенттің болашақ мамандығының бағдарына сәйкес болуы тиіс. Диплом жұмысы тақырыптарының 30% жыл сайын жаңартылып отырылуы тиіс.

Диплом жұмысының тақырыптары студенттердің назарына ұсынылады, студент диплом жұмысының тақырыбын бекітілген тақырыптардан таңдайды. Студентке бекітілген тақырып тізімінде көрсетілмеген тақырыпқа диплом жұмысын орындау құқығы беріледі. Мұндай жағдайда студент таңдалған тақырыбының негіздері дәлелденген тұжырымдамасын кафедраға тапсыруы керек.

2.2 Зерттеу тақырыбы бойынша жұмысты жоспарлау

Дипломдық жобамен жұмыс істеудің болжалды кезеңдері келесі мерзімдерге бөлінген:

- ◆ диплом тақырыбы бойынша ғылыми материалдарды жинақтау, сыни талдау, жүйелеу және жалпылау;
- ◆ жұмыс жоспарын құрастыру, ғылыми жетекші бекіткен жоспар бойынша дипломдық жұмыс жазу;
- ◆ ғылыми талдау/эксперимент жүргізу, жұмыстың түзетілетін, (соңғы) нұсқасын ұсыну, теория жүзінде өңделген материалды тәжірибе жүзінде қолдануға талпынып көру.

2.3 Зерттеу жүргізу әдістерін анықтау

Диплом жұмысын зерттеу барысы қажетті ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге негізделеді. Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде төмендегідей әдістер қолданылады:

- ◆ таңдаған тақырып бойынша ғылыми әдебиетті зерттеу әдісі;
- ◆ бақылау және талдау әдісі;
- ◆ сауалнама жүргізу;
- ◆ эксперимент;
- ◆ тестілеу;
- ◆ арнайы лингвистикалық пәндерде қолданылатын ғылыми әдістер, мысалы, тіл бірлігін жүйелі талдау семантикасы және т.с.с.;
- ◆ статистикалық әдіс.

Зерттеу әдісі жұмыстың мақсаты мен міндеттері, зерттеушінің қолында бар құралдар мен орындаушылардың ғылыми бейімі арқылы анықталады. Автор қандай да бір ғылыми талдау әдісін таңдау себебін негіздей алу керек және өз зерттеу жұмысы барысында дұрыс пайдалана білуі қажет.

Лингвистикалық зерттеулер әдісі болып ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге қажетті және ғылыми ізденістер әдістемесін құрайтын тәжірибелік құралдар саналады. Бұл бөлімде қойылған мәселелерді шешу барысында қолданылатын барлық негізгі және қосымша әдістер атап өтіледі.

Жиі қолданылатын әдістер келесі:

- ✓ сипаттама әдісі;
- ✓ жаппай іріктеу әдісі;
- ✓ лингвостилистикалық әдіс;
- ✓ контекстік талдау;
- ✓ салыстырмалы әдіс;
- ✓ салғастырмалы әдіс.

2.4 Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу

Дипломдық жұмысты жазудың табысты жолы – терең әрі шығармашылықпен ақпарат көздерін зерделеу.

Таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерделеу дипломшыға өзі қызығушылық танытқан ғылыми мәселенің зерттелу жағдайын және таңдаған зерттеу тақырыбының өзектілік деңгейі мен жаңалығын болжауға мүмкіндік беретін бастапқы және негізін қалаушы кезең болып табылады.

Ақпарат көздерін зерттеуді студент дипломдық жұмысының тақырыбы таңдалынып, бекітілген соң бірден бастайды. Осы жұмыс барысында ол дипломдық жұмыс үшін таңдалынған зерттеу пәнінің қазіргі таңдағы жағдайын зерделеуі қажет.

Зерттеуді бастаудан бұрын студент бағдарламаларда пәндер бойынша ұсынылатын негізгі және қосымша әдебиетпен танысуы керек. Сұрақтарды тереңдете зерттеу үшін қосымша отандық және шетелдік дереккөздерді, анықтамалық дереккөздерді, сөздіктерді қарастырған дұрыс. Дереккөздерге сілтемені әділдікпен жасау қажет, оларға сыни көзбен қараған дұрыс, атап айтқанда, зейін салып, риясыз оқып білу, талдау және автордың кейбір пікірімен дәйекті келісу не келіспеу.

Диплом жұмысы зерттеліп отырған мәселенің елеулі аспектілерін толыққанды сипаттайтын және барлық осыған қатысты көзқарастарды қамтитын тірек ететін негізгі дереккөздер тізімі 35-45 тақырыпты ашып көрсететуге маңызды библиографиялық дереккөздерден тұруы қажет.

2.5 Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу

Диплом жұмысы төңірегінде ғылыми жұмысын жүргізу библиографиялық дереккөздерінен алынған тұжырымдарды жинақтап, жүйелеуді және сыни талдау жасауды талап етеді. Сонымен бірге, ғылыми жұмыс жүргізу студенттің өз бетінше бақылау жасай алу қабілетін, қозғалып

отырған мәселе бойынша жеке ғылыми көзқарасын қалыптасуын, қарастырып отырған ғылыми болжамға байланысты қол жеткізген нәтижелерін дәлелдей алуын, алған теориялық білімді практика жүзінде орынды қолдана алуын көрсетеді.

2.6 Зерттеу нәтижелерін жинақтау

Ғылыми материалдың жалпылаған өлшемі, жүйелілігі студент тарапынан жасалынған өздік жұмысы мен шығармашылық деңгейінің бірден-бір көрсеткіші. Бұл көрсеткіштерді материалды баяндау барысында да, өзіндік кестелер, сызбалар, диаграммалар және басқа да графикалық бейнелеулерді жұмыстың әр тарауы бойынша және жалпы жұмысты қорытындылағанда қолдана алуынан байқауға болады.

Бірақ, диплом жұмысын жазу барысында өткізген зерттеу жұмысының ғылыми маңызды нәтижесін жинақтау, автордың алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін логика жүзінде белгілей алуы және өз тұжырымдары мен қорытындыларының теория жүзінде де, тәжірибе жүзінде де маңыздылығы алға тартылады.

3. ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, ҚҰРЫЛЫМЫНА, КӨЛЕМІНЕ ЖӘНЕ РЕСІМДЕЛІНУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Диплом жұмысының мазмұны мен құрылымы

Диплом жұмысы өзінің мазмұны жағынан жоғары оқу орнын бітіруші студенттің нақты мамандығы бойынша өздігінен дайындайтын ғылыми жұмысы болып табылады.

Диплом жұмысының **құрылымдық элементтеріне** мыналар жатады:

- мұқаба;
- негізгі бет;
- диплом жұмысының орындалуы бойынша тапсырма;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды (тұжырымдар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар (қажет болған жағдайда)

Мұқабада (4 Қосымша) келесі ақпараттар берілген:

- диплом жұмысы (жобасы) орындалған ұйымның атауы,
- студенттің тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері,
- диплом жұмысы тақырыбының атауы,
- жұмыстың түрі – диплом жұмысы,
- мамандығының шифрі мен атауы,
- қала, жыл.

Негізгі бет (3, 3а Қосымшалары) диплом жұмысының бірінші беті және құжатты қажетті жағдайда өңдеу және іздестіру үшін қажет болып табылатын ақпарат дереккөзі ретінде керек етіледі.

Негізгі бетте келесі мағлұматтар келтіріледі:

- диплом жұмысы орындалған ұйымның атауы;
- жұмыстың түрі – диплом жұмысы;
- «тақырыбына» деген сөздің көрсетілуімен диплом жұмысы тақырыбының атауы, оқыту бағдарламасының коды мен атауы;
- сол жағында «орындаған», қарама-қарсы оң жағынан студенттің тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері;

- бір жол төмен «ғылыми жетекші» деп жазылады, ғылыми жетекшінің тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жетекшінің басқа да регалиялары;
- қала, жыл.

Диплом жұмысының **мазмұны** кіріспе, реттік нөмірлер және барлық бөлімдердің, тараудың бөлімінің атауларын, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін, беттердің нөмірлері көрсетілген қосымшаларын қамтиды.

Кіріспе диплом жұмысының өзекті мәселелерінен, ғылыми жаңашылдығы және практикалық маңыздылығынан, шешіліп отырған ғылыми мәселенің қазіргі сипатының бағалануынан тұруы тиіс, сонымен қатар, дипломдық зерттеменің мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі тұжырымдалуы керек, теориялық және әдіснамалық негіздері мен диплом жұмысының жазылуының практикалық базасы сипатталуы қажет. Кіріспенің көлемі шамамен 2-3 беттен тұрады.

Диплом жұмысының **негізгі бөлімінде** орындалған зерттеудің мәнін, мазмұнын, әдістемесі мен диплом жұмысының негізгі қорытындыларын білдіретін мәліметтер келтіріледі. Диплом жұмысының негізгі бөлімі әдеттегідей бөлім және бөлімшелерге бөлінеді. (бөлім және параграфтар). Негізгі бөлімнің реті мен ресімделу ережесі төменде берілген.

Негізгі бөлімді шартты түрде екіге бөлуге болады: теориялық және зерттемелік.

Теориялық бөлімде автор лингвистикалық және әдістемелік әдебиетке отандық және шетелдік авторлардың жұмысын сыни талдай отырып, тәжірибелік шолу жасайды. Студент негізгі зерттеу мәселесі бойынша өз көзқарасымен бөліседі және негіздейді, аталған салада не істелгенін көрсетеді және диплом жұмысында өзі не істеуге болатынын ұсынады. Өз көзқарасымен бөлісе және негіздей отырып, студент өзінің шетел тілдерін оқытудың заманауи әдістемелерінің жетістіктерін қолдана алу қабілетін көрсете білу керек. Сонымен қатар, бірінші бөлімде зерттеліп отырған құбылыс не үрдістің түсінігі мен мәні ашылуы, тұжырымдамасы нақтылануы, автордың аталған көзқарастары туралы өз ойы негізделуі қажет.

Зерттемелік бөлімде зерттеудің барысы мен нәтижесін сипаттайды. Ол автордың ғылыми-зерттемелік жұмысты меңгергенін, мамандығы бойынша ғылыми әдебиетті қолдана алатынын, өз бетімен бақылау жасай алатынын және тиісті қорытынды жасай алатынын көрсетеді. Бұл бөлімнің мазмұнын тәжірибелік жұмыс құрайды. Бұл жерде бірінші бөлімде сипатталған теорияның тиімді қолдану әдістері мен тәсілдерінің мінездемесі; эксперимент, зерттеу нәтижесі бойынша тұжырымдар мен дәйектемелер; әдістемелік нұсқаулықтар беріледі.

Қорытынды бөлім (тұжырым) дипломдық зерттеулер қорытындыларының қысқаша тұжырымынан, қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалаудан, зерттелінген объекті бойынша нақты ұсыныстардан тұруы қажет. Тақырыпты әрі қарай өңдеу перспективасы көрсетілуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай ресімделеді. Дерек көздері туралы мәлімет диплом жұмысының мәтініндегі дереккөздердің сілтемелерінің жасалу реті бойынша орналасу керек (демек алфавит бойынша емес) және арап сандарымен нүктесіз нөмірленеді. Дереккөздер түпнұсқа тілінде беріледі.

Мысалы:

- 1 Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. Шет тілін оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2010. – 264 б.
- 2 Шетеева Л.М. Оқыту технологияларын ұйымдастырудағы ағылшын тілі пәні бойынша инновациялық тәсілдер // Мектептегі шет тілі. –2017. - № 1. - Б.11-13.
- 3 Нәби Л., Нұрмұханбетова Н.Н., Ещанова Ә.Қ. «Диалогтік оқыту» модулін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. -2016. - № 2. – Б.110-116.
- 4 Bates L.Hoffer. Language Borrowing and the Indices of Adaptability and Receptivity // Intercultural Communication Studies. Vol. 14, No. 2, Macao S. A. R., China, 2005. – P. 53-72.
- 5 Гулянец А.Б. Формирование ключевых компетенций учителя иностранного языка средствами организационно-деятельностной игровой технологии: Автореф... дис. канд. пед. наук. — Москва: РГСУ, 2013. — 20 с.

Қосымшаға (бар болса) дипломның зерттелуі мен орындалуына байланысты негізгі бөлімде қамтылмаған материалдар кіргізіледі.

3.2. Диплом жұмысын ресімдеу тәртібі

Диплом жұмысының көлемі ереже бойынша 40-45 бет болуы қажет. Қосымшалар диплом жұмысының көрсетілген көлеміне енгізілмейді. Диплом жұмысы баспа тәсілмен компьютер, принтер арқылы А4 форматы ақ қағаздың бір жақ бетіне бір интервал (аралық) сақтай отырып орындалады. Шрифт – қалыпты, кегль 14.

Диплом жұмысының мәтіні жан-жағынан қалдырылатын ашық орындардың (поля) мына мөлшерлерін сақтай отырып басылуы тиіс: сол жағынан – 30 мм, жоғары жағынан – 20 мм, оң жағынан – 10 мм және төменгі жағынан – 25мм.

Дипломдық жұмыста көрсетілген ғалымдардың тегі, мекеменің, фирманың аттары, өнімнің аталуы және жалқы есімдер атаулары түпнұсқа тілінде келтіріледі.

Диплом жұмысын бөлімге және бөлімшелерге (тарау мен параграфтарға) бөлу қажет. Әрбір бөлім және бөлімше аяқталған ақпараттан тұруы қажет. Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптарын абзацтан кейін бас әріппен, аяғында нүкте қоймай, астын сызбай басу қажет. Егерде атаулар екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі. Бөлімше нөмірі, нүктемен бөлінген бөлім мен бөлімше нөмірлерінен тұрады (араб сандарымен белгіленеді). Бөлімшелер екі немесе бірнеше бөлімшеден тұрады. Бөлімшенің пункттері болуы мүмкін. Бөлім, бөлімше және пункт атауларының алдында нүкте қойылмайды.

Мазмұнын және диплом жұмысы мәтінін реттік сандармен ресімдеу мысалы:

1. Бөлім (тарау) атауы
- 1.1 Бөлімше (параграф) атауы
- 1.2
- 1.3
2. Бөлім (тарау) атауы
- 2.1 Бөлімше (параграф) атауы
- 2.2
- 2.3

Егер де бөлімшелердің пункттері бар болса, төмендегідей толтырылады:

2. Бөлім (тарау) атауы
- 2.1 Бөлімше (параграф) атауы
- 2.2
- 2.3
- 2.3.1 Пункт атауы
- 2.3.2
- 2.3.3

Диплом жұмысының әр бөлімі (тарауы) жаңа парақтан (беттен) басталуы қажет. Бір бөлімнің ішіндегі бөлімшелер бір-бірінен мәтіннен екі жол төмен түсіріліп бөлінеді.

Диплом жұмысы және қосымшаның беттері араб сандарымен өтпелі нөмірлеуді сақтай отырып, нөмірленеді. Нөмір парақтың төменгі жағының ортасында нүктесіз белгіленеді.

Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер беттері көрсетілмеген жағдайда реттік нөміріне сәйкес шаршы жақшада келтірілуі керек, мысалы: [12].

Беттері көрсетілген пайдаланылған дереккөздерге сілтемелерді де реттік нөміріне сәйкес шаршы жақшада келтіру керек, мысалы: [24, 78б.].

Қосымшалар (болған жағдайда) осы диплом жұмысының жалғасы ретінде келесі парақтарында ресімделеді. Қосымшаларды мәтіндегі сілтемелерді көрсету ретіне қарай

орналастырады. Әрбір қосымша жаңа беттен басталып «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс және атауы болуы қажет.

Диплом жұмысының мәтінде барлық қосымшаларға сілтеме болуы тиіс.

Қосымшалардың нөмірленуі диплом жұмысының қалған бөлімдерімен ортақ өтпелі нөмірлеуді сақтауы қажет.

Иллюстрациялар (сызбалар, кестелер, диаграммалар, схемалар, суреттер) бірінші немесе келесі беттерде екендігі ескертілген мәтіннен кейін орналасуы керек. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер болуы тиіс. Сілтеме қоюда «... 1 диаграммаға (1 суретке) немесе 2 кестеге сәйкес...» деп жазылуы тиіс. Диаграмма, кестеде атауының жазылуы келесі: диаграмма1, кесте 2, сосын атауы жазылады.

Мысалы:

2-кесте. Тыңдалымды шет тілінде оқытудың сатылары (*кестенің атауы кестенің үстіне қойылады*).

Кезеңдері (іскерліктер мен дағдылар)			
Тыңдалымнан бұрын	Тыңдалым кезінде		Тыңдалымнан кейін
-лексикалық дағдының қалыптасуы	-жалпы мағынасын түсіну	-мәтін бөлшектерін түсіну	-мәтіннен алынған ақпаратты қорытындылау, жіктеу
-грамматикалық дағдының қалыптасуы	-аудиомәтіндегі тақырыпты/ мәселені анықтау	-аудиомәтіннен қажетті ақпаратты іріктеп алу	-аудиомәтіннің мазмұнын талдау
-фонетикалық дағдының қалыптасуы	- аудиомәтіннің негізгі идеяларын анықтау	- сұрақтарға сәйкес фактілер мен дәлелдерді айқындау	-ақпараттың маңыздылығын/ жаңалығын бағалау
- әлеуметтік-мәдени және/немесе контекстік хабардарлық	-басты ақпаратты қосымша ақпараттан айыра алу	-оқиғалар мен құбылыстардың уақыттық және себеп-салдарлық байланысын анықтау	-тыңдалған ақпарат бойынша өз пікірін білдіру



3-Диаграмма. Stephenie Meyer «The Host» шығармасындағы жағымды эмоциялардың тілдік көрінісінің сандық көрсеткіштері (*диаграмманың атауы диаграмманың астына қойылады*).

3.3 Диплом жұмысын қорғауға ұсыну тәртібі

Диплом жұмысы шығарушы кафедраға алдын ала қорғау процедурасын өту мақсатында тапсырылады. Студенттер жұмыстарының дайындық деңгейі туралы есеп береді. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғайтын күні мен уақытын кафедраның меңгерушісі тағайындайды.

Алдын ала қорғауға дейін студенттің дайын диплом жұмысы болуы тиіс. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғау процедурасы кафедраның ашық отырысында студенттің және міндетті түрде ғылыми жетекшісінің қатысуымен өткізіледі. Алдын ала қорғау кафедра отырысының хаттамасымен ресімделеді.

Алдын ала қорғау кезінде студент диплом жұмысының мәнін қысқаша баяндайды және комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап береді. Егер жұмыс 75%дан аз мөлшерде орындалса, кафедра студентті қорғауға жібермеу туралы шешім қабылдай алады.

Дипломдық жұмысты орындауға қойылатын талаптардың бірі – көшіріп алынған материалдың бар-жоғын тексеру. Дипломдық жұмысты өз бетінше орындауды қамтамасыз ету, дипломдық жұмысты орындау кезінде адал бәсекелестікті ынталандыру мақсатында «Антиплагиат» жүйесі қолданылады. Дипломдық жұмысты өзі орындамай, көшіріп алу плагиат ретінде, оқу тәртібін бұзу ретінде қарастырылады және дипломдық жұмысты қорғауға рұқсат беруден бас тартуды білдіреді.

Алдын ала қорғаудан және «Антиплагиат» жүйесінен сәтті өткен, тиісті талаптарға сай ресімделген, аяқталған диплом жұмысына студент қолын қойып, ғылыми жетекшіге тапсырады. Дипломдық жұмыс мақұлданған жағдайда ғылыми жетекші оған қолын қояды және қорғауға жіберу туралы өзінің сын пікірімен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады.

Осы материалдар негізінде кафедра меңгерушісі ұснылған диплом жұмысы бойынша ақтық шешім қабылдайды, негізгі бетте осы туралы пікірін жазады. Кафедра меңгерушісі студентті қорғауға жіберу мүмкін емес деп шешім қабылдаған жағдайда, бұл сұрақ кафедра отырысында студент пен ғылыми жетекшісінің міндетті түрде қатысуымен қарастырылады.

Қорғауға жіберілген диплом жұмысы пікір жазуға жіберіледі. Пікір жазушылар диплом жұмысы мәселесі бойынша да, осы салаға байланысты жұмыс атқаратын да кәсіби мамандар болуы тиіс. Олар білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында қызмет етуі тиіс.

Пікір жазушы диплом жұмысына пікірді жазбаша ұсынады, онда зерттелген тақырыптың өзектілігі, жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы туралы айтылады, дипломдық зерттеу тақырыбының маман дайындаудағы бағдарына, тағайындалатын академиялық деңгейіне немесе біліктілігіне сәйкестігі туралы, зерттеуді өз бетінше орындағаны, қорытындысы мен ұсынымдарының бар болуы, мәселені шеше алу деңгейі мен зерттеу жұмысының аяқталғандығы туралы жазады. Пікірде дәлелді қорытынды беріледі, баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады, және тиісті академиялық деңгей не біліктілік беру мүмкіндігі көрсетіледі.

3.4 Диплом жұмысын қорғау тәртібі

Диплом жұмысын қорғауға дайындау барысында студент баяндама тезисін құрастырады, көрнекі құралдарын, презентациялық материалды ресімдейді, пікір жазушының ескертулеріне беретін жауаптарын ойластырады.

Диплом жұмысын қорғау аттестаттау комиссияның (әрі қарай АК) ашық отырысында өткізіледі. Диплом жұмысын қорғау студенттердің, шығарушы кафедра оқытушылардың қатысуымен бұқаралық түрде ұйымдастырылады. Қорғауға ғылыми жетекшілері, рецензент, дипломдық зертеулер жүргізілген ұйымдардың өкілдері де шақырылуы мүмкін. Студент 15 минуттан артық емес баяндама жасайды. АК отырысындағы өз қорғауында дипломшы төмендегідей мәселелерді көрсетуі тиіс:

- ◆ тақырыптың өзектілігі;
- ◆ диплом жұмысы негізделген теориялық және әдістемелік қағидалар;
- ◆ жүргізілген эксперимент немесе зерттелген құбылыс бойынша талдау нәтижелері;
- ◆ тақырып бойынша қозғалған мәселелер шешімдері немесе оларды практика жүзінде қолдануға болатынын дәлелдейтін тұжырымдар.

Баяндамаға әдебиеттерден алынған теориялық тұжырымдарды қоспағаны дұрыс, себебі, ол қорғау мақсаты емес. Өз зерттемесіне зейінін аса аударғаны жөн.

Студент қорғау кезінде көрнекі құралдарын, презентациялық материалды сауатты пайдалана білуі қажет. Олар нәтижелер мен ұсыныстарды дәлелдеуді күшейту үшін қажет, студенттің баяндама жасауын жеңілдетеді.

Студенттің баяндамасымен, жетекші пікірімен танысқаннан кейін, сыни сыртқы пікір оқылған соң дипломшы өзіне ғылыми жетекші, пікір жазушы, АК мүшелері мен төрағасы, сонымен қатар, қорғауға қатысушылар қойған сұрақтарға жауап және пікірдегі ескертпелерге дәлелді түсініктемелер береді.

Қорғалған диплом жұмыстары шығарушы кафедраға тіркеу үшін тапсырылады және жоғары оқу орнының архивінде 5 жыл сақталады.

4. «ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ДИПЛОМ ЖҰМЫСТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

4.1 Тіл теориясы бойынша тақырыптар

1. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің танбалық сандық семантикасы.
2. Ағылшын тіліндегі эмотивті лексиканың қолданылуы (көркем шығарма бойынша).
3. Ағылшын тіліндегі жалқы есімдердің семантикалық-стистикалық ерекшеліктері.
4. Ағылшын тіліндегі фразеологиялық синонимдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері.
5. Ағылшын тіліндегі омонимдердің қолданылуы (көркем шығарма негізінде).
6. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі төл және төлеу сөздердің қолданылуы (көркем әдебиет негізінде).
7. Қазіргі ағылшын тілінде герундиялық конструкциялардың қолданылу ерекшеліктері (көркем әдебиет негізінде).
8. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдердің салғастырмалы талдауы.
9. Ағылшын тіліндегі субстантивті сын есімдердің қолданылу ерекшеліктері (көркем әдебиет негізінде).
10. Ағылшын және қазақ мәдениетіндегі «түс» лингвистикалық концептісінің салғастырмалы талдауы.
11. Синонимия – тілдік қорды байытудың бір тәсілі ретінде (ағылшын көркем әдебиет негізінде).
12. Ағылшын және қазақ тілдерінде болымды сөйлемдердің қолданылуы.
13. Ағылшын тіліндегі шартты рай, оның формаларының маңызы мен қолданылуы.
14. Ағылшын тіліндегі фразалық етістік қолданысының талдануы (көркем шығарма материалы негізінде).
15. Ағылшын тіліндегі артикльдің функционалдық қызметі.
16. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктері.
17. Ағылшын тіліндегі жақсыз етістіктің формаларының ерекшеліктері.
18. Ағылшын тілінде артикльдің грамматикалық және стилистикалық қолданылуы.
19. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі «отбасы» концепт ерекшеліктері.
20. Метафора көпмағыналық сөздердің астарлы мағынасын дамыту әдісі (ағылшын көркем әдебиет негізінде).
21. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыстардың салыстырмалы талдауы.
22. Ағылшын тіліндегі аббревиатуралардың құрылымдық ерекшеліктері (заң терминологиясы негізінде).
23. Ағылшын тіліндегі зат есімдердің топтастырылуы және талдауы (Veronica Roth 'Divergent' шығармасы негізінде).
24. Ағылшын тіліндегі етістікті лексиканың семантикалық ерекшеліктері.
25. Ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің баспасөз мәтіндерінде қолданысы.
26. Morphological productivity measurement applied to English suffixes (on the base of the British National Corpus).
27. Features of using interrogative sentences in modern English on the example of fiction.

28. Different approaches of classification of homonyms in Modern English (on basis of literary text).
29. Syntagmatic and paradigmatic peculiarities of adverbs in the English language (on the example of the English novel “The Choice” by Nicholas Sparks).
30. Morphological and stylistic peculiarities of the youth slang in modern English language on the example of Fiction.

4.2 Шетел тілдерін оқыту әдістемесі бойынша тақырыптар

1. Ағылшын тілін оқытудағы қазіргі заманауи әдістемені орта буын негізінде қолдану.
2. Психикалық даму бөгелісі бар оқушыларды ойын әдісі арқылы ағылшын тілін оқыту (орта буын негізінде).
3. Жоғары сыныптарда ағылшын тілін оқытуда жобалау әдістемесін пайдалану технологиясы.
4. Ағылшын тілі сабағында сөйлеу дағдысын дамытуда топтық жұмыс түрлері (орта буын негізінде).
5. Жоғары сыныптардағы сөйлеу қабілетін дамыту құралы ретінде ағылшын тілі сабақтарында «дебаттар» технологиясын қолдану.
6. Орта буын сыныптарда ағылшын тілі лексикасының сөздік қорын дамытудың әдістері.
7. Ағылшын тілін үйретуде аутенттік бейнематериалдарды қолдану тиімділігі (жоғары буын негізінде).
8. Ағылшын тілін оқытуда тыңдалым әдістерін қолдану (орта буын негізінде).
9. Жоғары сыныптарда ағылшын тілі сабақтарында ойын әдістерін пайдалану.
10. Ағылшын тіліндегі сөйлеу дағдысын қалыптастыруда жаңа технологияларды қолдану (орта буын негізінде).
11. Ағылшын тілі сабағында үйретуші бағдарламаларды қолдану арқылы орта буын оқушыларының сөйлеу дағдысын дамыту.
12. Аутенттік газет материалдары арқылы жоғары сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту.
13. Ағылшын тілі сабағында жоғары сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыруда ойын элементтерін қолдану.
14. Орта сыныптарда жоба әдісінің өздік жұмысын ұйымдастыратын құрал ретінде қолданылуы.
15. Ағылшын тілі сабақтарында орта кезең оқушыларының мәдениаралық қарым-қатынастық қабілетін дамытатын құрал ретінде іскери ойындарды қолдану технологиялары.
16. Ағылшын тілін үйретуде монолог пен диалогтың маңыздылығы.
17. Шетел тіліне оқытудағы жобалық оқыту әдістемесі негізінде сөйлеу әрекеті дағдыларын дамыту.
18. Ағылшын тілі сабағында ізденімдік оқу арқылы жоғары сынып оқушыларының коммуникативті құзыреттілігін артыру.
19. Ағылшын тілін оқытудағы интернетті пайдалану мүмкіндіктері.
20. Ағылшын тіліндегі факультативтік сабақтарда шетелдік жарнамаларды қолдану әдістемесі (орта буын негізінде).
21. Ағылшын тілін оқытуда үй тапсырмаларын тексеру әдістері (орта буын негізінде).
22. Жобалау қызметінде монологиялық мәлімдеуді оқыту кезінде дискурсивті және стратегиялық құзыреттілікті қалыптастыру (интернет-блогтар жүргізу материалында).
23. Тілдік портфель оқытудың бастапқы кезеңінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру құралы ретінде.
24. Орта және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру.
25. Орта мектепте қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру әдісі ретінде пікірталас қолдану.
26. Шет тілі сабақтарындағы сөйлеу әрекетінің түрі ретінде жағдайларды қолдану.
27. The effectiveness of teaching English vocabulary in the secondary school.

28. Developing of creativity of pupils in the senior classes using the interactive methods.
29. Communicative approach to teaching speaking English at the intermediate level.
30. Using gaming technology at English lessons to improve the quality of knowledge among primary school children.

ҚОСЫМША

Қосымша 1

**Еуразия гуманитарлық институты
Шетел тілдері кафедрасы
дипломдық жұмыстың орындалуының
жоспар-графигі**

Тақырыбы _____

Студент _____

Ғылыми жетекші _____

№	Мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындалған жөніндегі белгі
1	Таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу		
2	Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-теориялық материалдарды жинау		
3	Негізгі библиографиялық деректердің тізімін ұсыну		
4	Теориялық материалдарды жинақтау, жүйелеу және сыни талдау		
5	Нақты тілдік материалды жинау		
6	Диплом жұмысының тұжырымды жоспар-құрылымын құру		
7	Зерттеу әдістерін таңдау және анықтау		
8	Теориямен қоса практикалық материалды өңдеу		
9	Жұмыстың алғашқы жазылған нұсқасын ұсыну		
10	Жұмыстың тұжырымды нұсқасын ұсыну		

Бекітілді « » _____

Шетел тілдері
кафедрасының меңгерушісі _____

Қосымша 2

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«Бекітемін»

« » _____ 20__ ж.

Диплом жұмысын орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Студент _____
Тегі, аты, әкесінің аты

Курс, білім беру бағдарламасы, оқу нысаны

Жұмыстың тақырыбы _____

Тапсыру мерзімдері

1 тарау _____ 20__ж

тарау атауы

2 тарау _____ 20__ж

тарау атауы

3 тарау _____ 20__ж

тарау атауы

Қорытынды _____ 20__ж

Кафедраға тапсыру мерзімі «____» _____ 20__ж

Жетекші

ҚОЛЫ

Тапсырманы орындауға қабылдадым

«____» _____ 20__ж

ҚОЛЫ

Қосымша 3

**Титул парағын
ресімдеу үлгісі**

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Еуразия гуманитарлық институты
Шетел тілдері кафедрасы**

Қорғауға жіберу
Кафедра меңгерушісі _____

« _ » _____ 20__ ж.

Дипломдық жұмыс

Тақырыбы: «Жоғары кезеңде тыңдалымға үйрету»

**6B01704 – «Шетел тілі: екі шетел тілі»
білім беру бағдарламасы**

**орындаған:
ғылыми жетекші:**

**студенттің Т.А.Ә.
Т.А.Ә., атағы,
ғылыми дәрежесі**

Нұр-Сұлтан – 20__

Қосымша 3а

**Титул парағын
ресімдеу үлгісі**

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Еуразия гуманитарлық институты
Шетел тілдері кафедрасы**

Қорғауға жіберу
Кафедра меңгерушісі _____

«__» _____ 20__ ж.

Дипломдық жұмыс

Тақырыбы: «Көркем әдебиет мәтінінде эмотивті лексиканы қолдану ерекшеліктері»

**6B01704 – «Шетел тілі: екі шетел тілі»
білім беру бағдарламасы**

**орындаған:
ғылыми жетекші:**

**студенттің Т.А.Ә.
Т.А.Ә., атағы,
ғылыми дәрежесі**

Нұр-Сұлтан – 20__

**Мұқабаны
ресімдеу үлгісі**

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Еуразия гуманитарлық институты
Шетел тілдері кафедрасы**

Ахметова С.А.

Көркем әдебиет мәтінінде эмотивті лексиканы қолдану ерекшеліктері

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

**6В01704 – «Шетел тілі: екі шетел тілі»
білім беру бағдарламасы**

**ЗАГАТОВА САУЛЕ БАЗЫЛОВНА
ИЛЬЯСОВА АЛИМА УКУБАЕВНА
ИЛЬЯСОВА АРДАК КУМЫСБЕКОВНА**

**«Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасына
арналған дипломдық жұмысты орындаудың**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАРЫ

Шығарушы редактор А.У. Ильясова
Компьютерде терген А.К. Базылов

Теруге 10.08.2021 ж. тапсырылды. Басуға қойылған күні 20.08.2021 ж. Пішімі 60x84/16
Басты табығы 2,25 Шартты басты табығы 2,09 Есептік басты табығы 1,8
Тараптары 150 Талпағы 18

ЖК «Ахтас У.Е.» дайын материалдың басылады. 010008,
Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, Пушкин көшесі, 15